Panasonic

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Ылғалдандыру функциясы бар ауа тазартқыш

Үлгі №. **F-VXK90R**

Бұл құрылғы панажайлардың ішінде ғана пайдалануға арналған)

Мазмұны . . . . . .Бет

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ . . . . . 3~6
ОРНАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР 7
НЕГІЗГІ БӨЛШЕКТЕРДІҢ СИПАТЫ . . . . . 8~9
ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ . . . . . 10~11

ПАЙДАЛАНУ . . . . . 12~15
• ӨШІРУ/ҚОСУ-ТАЗАЛАУ/ЫЛҒАЛДАНДЫРУ 12
• АУА МӨЛШЕРІ АУА • АҒЫНЫ-ECONAVI РЕЖИМІ 13
• ЫЛҒАЛДЫЛЫҚТЫ ОРНАТУ ‘’АУА АҒЫНЫ’’ РЕЖИМІ 14
•БАЛАЛАРДАН БҰҒАТТАУ ТАЙМЕРІ 15

КҮТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ. . . . . 16~19
● ТАЗАЛАУ ТӘСІЛІ. . . . . 16~19
● СҮЗГІНІ АУЫСТЫРУ. 19
● ЕГЕР ҚҰРЫЛҒЫ ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЙЫ КҮТУ РЕЖИМІНДЕ ТҰРҒАН БОЛСА. 19

ҚОСЫМША АҚПАРАТ . . . . . 20~22
ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР . . . . . 23~24
АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ. . . . . 25~26
ЖЕЛБЕЗЕКТІ АУЫСТЫРУ. 27
СИПАТТІЗІМІ 27
ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТАР 28

4824087

Кепілдік талоны қоса беріледі

Кепілдік талоны қоса беріледі
Panasonic компаниясының осы бұйымын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.
Құрылғыны пайдалану немесе оған техникалық қызмет көрсету алдында осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз.
Оған қоса, пайдалануды бастамас бұрын, «САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ» бөлімін (3-6 беттер) мұқият оқып шығыңыз.
Осы нұсқауды орындамау жарақат алуға немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.
Кепілдік талонында дұрыс ақпараттың, соның ішінде сатып алған күні мен дистрибьютор компаниясы атауының көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Болашақта пайдалану үшін кепілдік

Алдыңғы панельдің автоматты жылжуы және ылғалдандыру функциясы ылғал және таза ауаны қамтамасыз етеді.

- Егер сезбек үй-жайдағы ауаның ластанғанын анықтаса, алдыңғы панель қарқынды түрде ішке сору үшін автоматты түрде жоғары жылжиды.
- (Қос қатарлы желбезек қолданылады)
- Құрылғыны іске қосу оған жақын тұрған адамның белсенділік сенсорының көмегімен жүзеге асырылады, бұл ластауыш заттардың үй-жай ішіне таралуына жол бермейді және жоғары жылдамдықпен шаңның тұтылуын қамтамасыз етеді.
- Құрылғыда «nanoe®» технологиясы пайдаланылады.
- «Econavi» режимі құрылғының қуат үнемдеу режиміндегі жұмысын қамтамасыз етеді.

■ «nanoe®» технологиясы туралы

«nanoe®» — бұл ең заманауи технологиялардың көмегімен су қабықшасына орналасқан ионды микробөлшек.
«nanoe®» технологиясы аллергендердің※1, саңырауқұлақшалардың※2 қатерсіздендіруін, басылуын★※3 және жағымсыз иістердің кетуін※4 қамтамасыз ете отырып, тері үшін жағымды микроклимат қалыптастырады.

★ <ауадағы саңырауқұлақшалар> Іс жүзінде қолдану ортасының орнына көлемі 25 м^3 тұйық кеңістіктегі 4-сағаттық сынақ нәтижесі.

★ <ауадағы бактериялар> Іс жүзінде пайдалану ортасының орнына көлемі 25 м^3 тұйық кеңістіктегі 8-сағаттық сынақ нәтижесі.

※1 <ауадағы саңырауқұлақша>
- Сынақ жүргізуші ұйым: «Kitasato Research Center of Environmental Sciences»
- Сынақ әдісі: көлемі 25 м^3 сынақ алаңында саңырауқұлақшаның тікелей таралуы мен оның мөлшерін өлшеу
- Зарарсыздандыру әдісі: «nanoe®» шығарылуы
- Нысана: ауадағы саңырауқұлақша
- Сынақ нәтижесі: 4 сағат ішінде 99%-дан астамы жойылды (Сынау нөмірі 24_0301_1)

<заттардағы бактериялар>
- Сынақ жүргізуші ұйым: «Japan Food Research Laboratories»
- Сынақ әдісі: көлемі 23 м^3 сынақ алаңында матадағы бактериялар мөлшерін өлшеу
- Зарарсыздандыру әдісі: «nanoe®» шығарылуы
- Нысана: матадағы бактериялар
- Сынақ нәтижесі: 8 сағат ішінде 99%-дан астамы жойылды (Тест номері 13044083003-01)
  Сынақ алуан түрлі бактериялармен жүргізіледі.

※2
- Сынақ жүргізуші ұйым: «Panasonic Corporation Analysis Center»
- Сынақ әдісі: ELISA әдісінің көмегімен көлемі 23 м^3 сынақ алаңында матаға сіңген аллергендердің мөлшерін өлшеу
- Басу әдісі: «nanoe®» шығарылуы
- Нысана: тозаңдық аллергендер
- Сынақ нәтижесі: 88 % астамы 8 сағат ішінде жойылды [BAA33-130402-F01]

※3
- Сынақ жүргізуші ұйым «Japan Food Research Laboratories»
- Сынақ әдісі: көлемі 23 м^3 сынақ алаңында матаға сіңген саңырауқұлақшалар мөлшерін өлшеу
- Зарарсыздандыру әдісі: «nanoe®» шығарылуы
- Нысана: заттардағы саңырауқұлақшалар
- Сынақ нәтижесі: 8 сағат өткен соң тиімділігі расталды [Сынақ номері 13044083002-01]

※4
- Сынақ жүргізуші ұйым: «Panasonic Corporation Analysis Center»
- Сынақ әдісі: көлемі 23 м^3 сынақ жүргізу кеңістігінде 6-фазалық иіс қарқындылығын пайдалану арқылы тексеруді жүргізу
- Иіссіздендіру әдісі: «nanoe®» шығарылуы
- Нысана: сіңіп қалған шылым иісі
- Сынақ нәтижесі: 2 сағат өткен соң иістің қарқындылығы 1,2 дейін төмендейді [BAA33-130125-D01]

- Бұл «nanoe®» технологиясын пайдаланатын құралды тексеру, ол осы бұйымды тексеру нәтижелерінен ерекшеленеді.
- Иіссіздендіргіштің тиімділігі қоршаған ортаға (температура, ылғалдылық), жұмыс істеу уақытына, иіс немесе талшық түріне байланысты өзгереді.
- Бұл бұйым медициналық қондырғыға жатпайды.

Ескертпе: «nanoe®» және «the nanoe®» таңбаламасы — бұл Панасоник Корпорэйшн компаниясының тауар белгілері.

«Mega catcher» функциясы

Сезбек ауада ластағыштарды анықтаған жағдайда (20 бет), қолайлы ауа ағынын пайдалана отырып ластағышты сору үшін алдыңғы панель ластану түрі мен деңгейіне сәйкес ашылады, (21-бет)





«Адам белсенділігінің сенсоры» функциясы

Құрылғы адамның немесе үй жануарының қозғалысын анықтаған кезде ауа көлемін автоматты түрде реттей алады. Бұл үй-жай ішінде шаң-тозаңның жиналуына жол бермейді және ауадағы ластағыштар жойылғанша жүзеге асады. («Авторежим», «Толық Авто» немесе «Econavi» режимдерінде ауа мөлшерін реттеген кезде.) (үй жануарларының барлық қимылы бірдей анықтала бермеуі мүмкін).



“Ұйқы режимінде автоматты жұмыс істеу” функциясы

Үй-жай ішіне жарық берілу жағдайын анықтайды және басқару панелі көрсеткіші шамының жарықтығын, алдыңғы панель көрсетілімін және ауа көлемін автоматты түрде реттейді, (22-бет)

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Келесі сақтық шараларын қатаң түрде сақтаңыз

Жарақат алуды немесе мүлікке залал келтіруді болдырмау үшін сақтық шараларын қатаң сақтау керек.

■ Төменде келтірілген шартты белгілер құрылғыны дұрыс пайдаланбау салдарынан туындауы мүмкін әртүрлі қауіптіліктің және дене жарақаттарының дәрежелерін көрсетеді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Бұл бағанда келтірілген белгілер ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын көрсетеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бұл бағанда келтірілген белгілер шамалы жарақат алу немесе мүлікке залал келтіру ықтималдығын көрсетеді.

■ Келесі таңбалар орындалуы тиіс нұсқауларды белгілеу үшін пайдаланылады. (Бұл таңбалар төменде мысал ретінде келтірілген)

⃠ Бұл таңба орындауға болмайтын әрекетті көрсетеді.

❗ Бұл таңба орындалуы тиіс әрекетті көрсетеді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

⃠ **Құрылғыны тасымалдау немесе сақтау кезінде қуат баусымынан тартпаңыз.**

(Бұл тұтану ықтималдығы немесе электр тоқпен зақымданумен қатар қуат баусымының зақымдануына әкелуі мүмкін).

⃠ **Қуат баусымын немесе оның ашасын зақымдамаңыз.**

- Қуат баусымына өзгерістер еңгізбеңіз, оны кеспеңіз, майыстырмаңыз, бұрамаңыз және жаншымаңыз, сонымен қатар оны жылу көзіне жақын қоймаңыз, оның үстіне ауыр заттар және т. б. қоймаңыз. (Бұл қуат баусымының зақымдалып, тұтануына немесе электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін).

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Келесі сақтық шараларын қатаң түрде сақтаңыз

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

■ Құрамында хлор немесе қышқыл бар тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.
(Тазартқыш құралдардан бөлінетін уытты газдар денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін).

■ Қуат баусымының ашасын дымқыл қолмен ұстамаңыз.
(Бұл электр тоғымен зақымдалуға әкелуі мүмкін.)



■ Құрылғының дымқылдануына жол бермеңіз.
(Бұл ықтимал жанумен немесе электр тоғымен зақымданумен қатар қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін).



■ Номиналды тоқтан өзгеше кернеулі қуат көзін пайдаланбаңыз (220 В, 50 Гц ауыспалы тоқ).
(Бұл қуат баусымының қызуын немесе жануын тудыруы мүмкін).

■ Саусақтарыңызды немесе қандай да бір металл заттарды ауа кіретін және шығатын саңылауларға немесе басқа тесіктерге салмаңыз.
(Бұл жағдайда құрылғының ішкі бөлшектерімен жарақаттану немесе электр тоғымен зақымдану орын алуы мүмкін.)

■ Құрылғыны жылжытқан кезде дөңгелегінің, қуат баусымын зақымдауына жол бермеңіз.
(Оның зақымдануы электр тоғы соғуына немесе өрт шығуына әкелуі мүмкін)

■ Құрылғыны бөлшектемеңіз және түрлендірмеңіз.

(Бұл құрылғының қате қызмет етуіне, өртке немесе электр тоғы соққысына әкелуі мүмкін).
→ Жөндеу жұмыстарын орындау үшін сауда өкіліне хабарласыңыз.

■ Қуат баусымының ашасын уақтылы тазалап отырыңыз.

(Қуат баусымының ашасында шаң, ылғал жиналса, онда бұл оқшаулауды зақымдап, өртті тудыруы мүмкін).
- Қуат баусымының ашасын ажыратып, оны құрғақ матамен сүртіңіз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт кезеңі ішінде пайдаланылмаса, қуат баусымының ашасын ажыратыңыз.

■ Құрылғыны тазалар алдында қуат баусымы ашасының тоқтан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
(Кері жағдайда, құрылғы жұмыс қалпында болғанда, бұл электр тоғымен зақымдануға немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін).

■ Қалыпты жұмыстан кез келген ауытқу немесе ақаулық жағдайында, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатып, қуат баусымының ашасын ажыратыңыз.

(Кері жағдайда электр тоғымен зақымдану, тұтану немесе түтіндеуі мүмкін).
<Дұрыс жұмыс істемеу/ақау мысалдары>
- Ағып кету.
- Қуат баусымы жылжыған кезде, құрылғы жұмыс істеуді тоқтатады.
- Ауыстырып-қосқыштардың біреуі жұмыс істемесе.
- Автоматты ажыратқыш іске қосылса немесе сақтандырғыш күйіп кетсе.
- Қуат баусымы немесе оның ашасы шамадан тыс қызып кетсе.
- Күйіктің иісі, оғаш дыбыс немесе діріл сезілсе.
- Қалыпты жұмыс істеу режимінен басқа да ауытқулар немесе ақаулар болса.

→ Құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатып, қуат баусымының ашасын ажыратып, тексеру мен жөндеуді орындау үшін сауда өкіліне жүгініңіз.

■ Қуат баусымының ашасын толықтай салыңыз.
(Кері жағдайда қуат баусымының ашасы ықтимал жанумен немесе электр тоқпен зақымданумен қатар қызып кетуі мүмкін).
- Зақымданған қуат баусымын немесе бекітілмеген рәзеткіні пайдаланбаңыз.

■ Қуат баусымы зақымданса, ол қауіп төндірмеу үшін өндірушімен, оның сервистік агентімен немесе тиісті біліктілігі бар тұлғамен ауыстырылуы тиіс.

(Кері жағдайда жану немесе электр тоқпен зақымдану орын алу мүмкін).

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Келесі сақтық шараларын қатаң түрде сақтаңыз

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

■ Құрылғыны бензин немесе басқа ұшпа еріткіштердің қосындысымен тазаламаңыз, жәндіктерге қарсы бүрікіштерді шашудан аулақ болыңыз.

(Бұйымда жарықтар пайда болуы немесе ықтимал жарақаттанумен, жанумен немесе электр тоғымен зақымданумен қатар қысқа тұйықталу орын алуы мүмкін).

■ Құрылғыны шыбын-шіркейден қорғайтын құралдар, мәселен түтіндетулер пайдаланылатын жерлерде қолданбаңыз.

(Химиялық заттардың қалдықтары құрылғы ішінде жиналып, ауа шығатын саңылау арқылы лақтырылып, денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін).

→ Шыбын-шіркейден қорғайтын құралдарды қолданғаннан кейін және құрылғыны қоспас бұрын, үй-жайды желдетіп, ауасын тазартып отырыңыз.

■ Құрылғының үстіне отырмаңыз және оған сүйенбеңіз.

(Құрылғы аударылып, жарақат салуы немесе өзі зақымдалуы мүмкін).

- Балалы отбасылар аса сақ болуы тиіс.

■ Құрылғыны келесідей жерлерде орнатпаңыз.

- Еңкіш және бос, тұрақсыз беттерге. (Құрылғы құлап, дене жарақаттары туындатуы мүмкін).
- Температурасы немесе ылғалдылығы жоғары жерлерде, сондай-ақ жуынатын бөлмелер секілді суы бар жерлерде.
  (Бұл жағдайда жалын шығуы салдарынан от тұтану немесе ток соғу қаупі бар).
- Асүй сияқты бөлмелерде ауаға майдың таралуы орын алса.
  (Құрылғыда пайда болған жарықшақ салдарынан жарақат алу ықтималдығы.)
- Майдың ағуы немесе жанғыш газдың сыртқа шығуы.
  (Бұл жағдайда құрылғы ішінде от тұтану салдарынан өрт пайда болуы мүмкін).
- Егер ауа шығатын саңылау жануарларға немесе өсімдіктерге тікелей қарама-қарсы орналасса.
  (Бұл жануарларға жағымсыз әсер етіп, өсімдіктердің солып қалуына әкелуі мүмкін).

■ Құрылғыны тұтатылған шылым, хош иісті шырақ және т. б. жанғыш заттарға жақын қоймаңыз.

(Құрылғы олардан бөлініп шыққан тұтанғыш заттарды сіңіріп, өрт шығуы мүмкін).

■ Құрылғыны көлденең орнатпаңыз және аудармаңыз.

(Су ағу, тұтану, электр тоғының соғуы, жиһаздың су болып қалуы және т. б. орын алуы мүмкін).

■ Тесілген немесе зақымдалған бак пайдаланбаңыз.

(Судың ағып кетуі салдарынан жиһаз су болуы мүмкін)

■ Келесі жағдайларда су қолданбаңыз.

- Ауа сергіткіш, спирт, эфир майлары және жуғыш құралдар қосылған су. (Бак істен шығып, жиһазды сулауы және т.б. болуы мүмкін.)
- Су тазартқыштағы су, ионды сілтілі су, минералды су және (зең мен түрлі бактериялар тез көбейетін) ұңғымадан алынған су .

→ Өзіңізді жайсыз сезінсеңіз бірден дәрігерге жүгініңіз.

■ Бакта үнемі су болуы тиіс, ал құрылғының ішкі бөлшектері таза болуы керек.

- Бактағы суды күнделікті таза құбыр суына ауыстырыңыз.
- Құрылғының ішкі бөліктеріне мерзімді күтім жасаңыз.
  (Егер құрылғының ішкі бөліктері кір немесе дақпен ластанса, зең мен түрлі бактериялардың көбеюі салдарынан жағымсыз иіс шығуы мүмкін, бұл адам ағзасының түзілісіне байланысты адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін).

→ Өзіңізді жайсыз сезінсеңіз бірден дәрігерге жүгініңіз.

■ Егер бұйымды газды жылытқышпен бірге қолдансаңыз, міндетті түрде бөлмені мұқият желдетіңіз.

(Кері жағдайда уытты газдан улану жағдайы орын алуы мүмкін).

- Бұл құрылғы уытты газды кетіре алмайды.

■ Қуат баусымының ашасын өшіргенде баусымнан емес, ашадан тартыңыз.

(Баусым зақымдалып, тұтануы немесе ток соғуы мүмкін).

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Келесі сақтық шараларын қатаң түрде сақтаңыз

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

■ Құрылғыны тасымалдау

- Құрылғыны өшіріңіз, қуат баусымы ашасын ажыратыңыз, бакты шығарыңыз және науадан суды төгіңіз. (Су ағуы, тұтану, электр тоғы соққысы, жиһаз сулануы және т.б. болуы мүмкін).
- Құрылғыны тасымалдаған кезде оны сол жақ және оң жақ тұтқасынан ұстаңыз, бірақ желбезектен, алдыңғы панельден немесе бак тұтқасынан ұстамаңыз. (Кері жағдайда құрылғыны құлатып алып, жарақат алуыңыз мүмкін)



■ Науаны шешкеннен кейін суды төгіңіз, суды тікелей құрылғыдан төкпеңіз.

(Қысқа тұйықталу салдарынан ток соғу қаупі бар).

■ Науаны баяу тартыңыз.

(Жылдам алғанда су төгіліп, жиһазды және т. б. дүниелер су болып қалуы мүмкін).

■ Дөңгелекті құрылғыны жылжыту

Құрылғыны орнынан

- жылжыту үшін алдымен дөңгелектегі ысырманы ашыңыз. (Кері жағдайда құрылғы оңай аударылып, жарақат салуы мүмкін).



■ Құрылғыны көлденеңінен жылжытыңыз.

(Әйтпесе еденді немесе кілемді сырып кетуі мүмкін)



■ Құрылғыны көтеріп, кілем үстіне қою үшін тұтқасынан ұстаңыз.

(Әйтпесе кілемді сырып кетуі мүмкін).

■ Бұл құрылғы физикалық, сенсорлық немесе ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың (балаларды қоса алғанда), қауіпсіздікке жауапты адамның қадағалаған немесе пайдалану жөніндегі нұсқау берілген жағдайларды қоспағанда, тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғалардың қолдануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін, қадағалап отыру керек.

ОРНАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Құрылғының тиімділігі жоғары болатын орын!

■ Құрылғыны тозаңға қарсы тұру шаралары ретінде еденге орналастырыңыз.



Шаң-тозаң ауада еденге жақын жерде ұшады деп болжанғандықтан , біз құрылғыны бөлме еденіне орналастыруға кеңес береміз.

■ Бөлмедегі ауа айналымының тиімділігін арттыру.

Құрылғыны оң жағы, сол жағы және жоғарғы жағы қабырға, жиһаз, перде және т. б. дүниелерден шамамен 30 см немесе одан алыс тұратындай етіп орнатыңыз. Әйтпесе ластанған ауаны тазарту қиындайды. Құрылғының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оның артқы бөлігі қабырғадан кем дегенде 1 см алыс тұруы қажет.

■ Құрылғыны келесідей жерлерде орнатпаңыз.

- Құрылғыға тікелей күн сәулесі немесе ауа баптағыштан шығатын ауа түсетін жер.
  (Әйтпесе құрылғының пішіні өзгеріп, сипаттамасы нашарлауы, түссізденуі немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін).
- Теледидар немесе радиоқабылдағыш сияқты құрылғының жанына.
  (Кері жағдайда бетінде кедергі немесе шу пайда болуы мүмкін).
  → Құралды ондай құрылғылардан кем дегенде 1 м қашықтыққа орнатыңыз.
- Егер терезе немесе басқа заттар ылғалдылық сезбегіне кедергі келтірсе. (Кері жағдайда ылғалдылық сезбегі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін).

■ Теледидар, радиоқабылдағыш және т. б. қосу үшін бір электрлі рәзеткіні қолданбаңыз.

(Кері жағдайда бетінде кедергі немесе шу пайда болуы мүмкін).
→ Ондай жағдайда қуат баусымының ашасын басқа электр рәзеткісіне орнатыңыз.

■ Егер құрылғы бір жерде ұзақ уақыт бойынша қолданылса.

Құрылғыны бір жерде ұзақ уақыт бойынша қолдану сол жерге жақын қабырғалар мен еденнің ластануына әкелуі мүмкін. Біз құрылғыны техникалық қызмет ету орнынан жылжытуға кеңес береміз.

■ Магнит немесе металл заттарды құрылғыға қоймаңыз.

(Олар құрылғыға қондырылған магнитке әсер етіп, тексеру көрсеткішінің қосылуына әкеледі және құрылғы жұмыс істей алмайды).

■ Су қатып қалған жағдайда бак пен науаны босатыңыз.

(Құрылғы мұз қатқан күйде жұмыс істесе, оның қызметі бұзылуы мүмкін).

НЕГІЗГІ БӨЛШЕКТЕРДІҢ СИПАТЫ

Алдыңғы бөлігі



Артқы бөлігі



■ Дөңгелектердің ысырма-бекіткіші: дөңгелектерді бұғаттау үшін төмен қарай басыңыз. Дөңгелектерді бұғаттан босату: ысырманы жоғары көтеріңіз.
(Дөңгелектер бұғатталған болғанның өзінде, құрылғы тайғанақ еденде қозғала алады.)



Басқару панелі



Көрсетілімнің алдыңғы панелі



НЕГІЗГІ БӨЛШЕКТЕРДІҢ СИПАТЫ

■ Ластану сезбегі және иіс сезбегі

Ластану сезбегі ауадағы тұрмыстық шаңды және т.б. анықтай алады. Иіс сезбегі шылым және т.б. иісті анықтай алады. Сезбектің сезгіштік күйі бапталады, (20-бет)

■ Жарық сезбегі

Үй-жай ішіндегі жарықты сезбектің көмегімен анықтап, көрсеткіштердің шам жарықтығы мен ауа мөлшерін автоматты түрде реттейді. Сіз ұйқыға жатқанда, бөлме қараңғы болады, сол кезде құрылғы «Ұйқы режимінде автоматты жұмыс істеу» режиміне өтеді, (22-бет)

■ Адам белсінділігі сезбегі (3-бет)

Адамның қозғалысын анықтап, ол туралы адам белсенділігі көрсеткішінің көмегімен хабарлайды (көрсеткіш жанады). Сезбектің сезгіштігі бапталады. (24-бет)

■ Ластану көрсеткіші

Сезбек анықтаған ауаның ластану дәрежесін көрсетеді.

Көк: ауаның таза екенін көрсетеді

Қызыл күрең: шамалы ластанғанын көрсетеді

Қызыл: ластанғанын көрсетеді

■ «nanoe®» көрсеткіші

Егер көрсеткіш жанып тұрса, «nanoe®» бөлшектердің түзілуін көрсетеді. «nanoe®» ұсақ бөлшектері «nanoe®» режимі өшірілгенше, барлық режимдерде түзіледі. (20-бет)

■ Су деңгейінің көрсеткіші

Егер су толтыру көрсеткіші жыпылықтап немесе жанып тұрса, бұл үстінен тағы су құю керек екенін білдіреді. Егер ылғалды ауа қажет болса, су құйыңыз. (11-бет)

- Су толтырған соң көрсеткіш сөнеді. Көрсеткіш жыпылықтап тұр: Ауа ылғалдау режимінде су таусылды.
- Көрсеткіш жыпылықтап тұр: Ауаны автоматты ылғалдандыру режимінде су таусылды.

■ Тексеру көрсеткіші

Егер тексеру көрсеткіші жыпылықтаса, 26-бетті қараңыз.

■ Ылғалдылық көрсеткіші

Ылғалдылықтың өлшем бірлігі 1 % болып табылады. (көрсеткіш жасыл түспен жанып тұрады) Өлшеу ауқымы 20 % - 85 % құрайды.

- Егер ылғалдылық 20 %-дан төмен болса, көрсеткіш қосылады .
- Егер ылғалдылық 85 %-дан жоғары болса, көрсеткіш қосылады .

(Көрсеткіш тек ылғалдылықты көрсетеді, ол баптала алмайды).

Көрсетілетін ылғалдылық мәні шамамен беріледі және гигрометрдегі мәннен өзгеше болуы мүмкін.

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Іске қосу алдында	Сүзгілерді салыңыз

1 Алғашқы пайдалану уақытын жапсырмаға жазыңыз.



■Ауыстырмалы композитті HEPA сүзгісі
● Шамамен 10 жылда бір рет ауыстыру қажет.

Композитті HEPA сүзгіні ауыстыру Үлгі №. **F-ZXKP90Z**
Алғаш қолданылған күні

■Ауыспалы иіс кетіргіш сүзгі
● Егер ескі сүзгінің тиімділігі азайып жұмыс істесе, сүзгіні жаңасына ауыстырыңыз (10 жылда бір рет)

Иіссіздендіру сүзгісін ауыстыру Үлгі №. **F-ZXFD70Z**
Алғаш қолданылған күні

■Ауыспалы ылғалдағыш сүзгі
● Ылғалдайтын сүзгіні шамамен 10 жылда бір рет ауыстыру қажет (күн сайын 8 сағат бойы пайдаланған кезде).

Ылғалдауыш сүзгіні ауыстыру Үлгі №. **F-ZXKE90Z**
Алғаш қолданылған күні

Ескерту

Құрылғыны жұмысқа дайындау алдында «САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ» мен «ОРНАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТАЛАПТАРЫ» тарауын (3-7 бет) оқыңыз.

2 Иіссіздендіргіш сүзгіні полиэтилен қаптан шығарыңыз.

(1) Алдыңғы панельді шешіңіз.



(2) Сүзгіні шығару үшін, сүзгі ілмегін жоғары бұраңыз (3 тип).



(3) Иіссіздендіргіш сүзгіні полиэтилен қаптан шығарыңыз.



Ескерту

Иіссіздендіргіш сүзгінің қара торын шешпеңіз.

3 Сүзгілерді (3 түрін) және алдыңғы панельді орнатыңыз.

(1) Иіссіздендіргіш сүзгіні орнатыңыз. (Ішкі және сыртқы , сонымен қатар төменгі және жоғарғы бөліктерінің арасында айырмашылық жоқ).



(2) Композитті HEPA сүзгіні орнатыңыз.



Қара жағымен (алдыңғы жағымен) өзіңізге және заттаңбасы бар жағымен төмен қаратып оны құрылғының ойыс бөлігіне орнатыңыз.



ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Сүзгілерді салыңыз

(3) Алдын-ала тазарту сүзгісін орнатыңыз, (тек 1 дн.) (Ішкі және сыртқы бөліктерінің арасында айырмашылық жоқ).



(4) Сүзгіні бекіту үшін сүзгінің сырмасын төмен қарай бұрыңыз.



(5) Алдыңғы панельді орнатыңыз.



Ескерту

Жұмысты бастамас бұрын, алдыңғы панельдің орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Бакқа су толтырыңыз

4 Бакты шығарып алып, оған су толтырыңыз, содан кейін оны орнына орнатыңыз.

(Егер құрылғы ауаны тазарту режимінде жұмыс істесе, онда қажеті жоқ).

■ **Қуат баусымы ашасын ажыратыңыз.**

(1) Сармаға баса отырып, бакты шешіп алыңыз, содан кейін бак қақпағын бұрап ашыңыз.



(2) Бакқа су толтырыңыз.



Бак айналатын кронштейнге орнатылады.

(3) Бак қақпағын тығыз бұраңыз.

• Бактың еңкеюіне жол бермеу үшін, оны ұстап тұрыңыз.

(4) Бакты қайта орнына орнатыңыз.

• Бакты төңкеріңіз және оны қақпағымен төмен қаратып орнатыңыз.



Іске қосу

5 Қуат баусымы ашасын жалғаңыз.

(Ашаны қосу алдында қуат баусымы ашасынан және қолыңыздан суды сүртіңіз).



■ Иіс сезбегі ағымдағы тазалық дәрежесін ашаны рәзеткіге салғаннан кейін стандарт ретінде анықтағандықтан, ашаны рәзеткіге ауа таза болғанда (темекі түтіні болмағанда) салу ұсынылады). (Иіс сезбегінің стандартты күйі үй-жайдағы тазалық дәрежесіне сәйкес жаңартылып отырады).

■ 

батырмасын басыңыз осыдан кейін тазарту көрсеткіші 5 секунд бойы жыпылықтай бастайды.

■ **Су құбырының суы пайдаланылып жатқанына көз жеткізіңіз.**

Әдетте құбыр суы үшін қолданылатын хлорлау әсерінен, түрлі бактериялардың көбеюі қиындайды.

■ **Келесі жағдайларда су қолданбаңыз.**

- Температурасы 40 °C асатын су немесе судың химиялық заттармен қоспасы. (Осы жағдайда бактың деформациялануы мүмкін).
- Ауа сергіткіш, спирт, эфир майлары және жуғыш құралдар қосылған су. (Бак істен шығып, жиһазды сулауы және т.б. болуы мүмкін.)
- Су тазартқыштан алынған су, сілті иондары бар су, минералды су мен ұңғымадан алынған су (оның құрамында зең мен әртүрлі бактериялар көбейеді).

→ Өзіңізді жайсыз сезінсеңіз дереу дәрігерге жүгініңіз.

Ескерту

■ Егер ұңғымадан алынған су (ауыз су) пайдаланылса, науа, ылғалдауыш сүзгі және саңырауқұлақшаға қарсы сүзгіге жиірек қызмет көрсетіңіз және тазартып отырыңыз.

■ Суы толтырылған бак шамамен 5 сағатқа жетеді. (Егер құрылғы жоғары жылдамдықпен жұмыс істесе, панажайдағы температура 20 °C және ылғалдылығы 30 % жағдайында).

Басқару панелі



- Басқару панелі сенсорлық дисплей болып табылатынын есте сақтаңыз.
- Тек қолжетімді батырма ғана көрсетіледі.

Өшіру/қосу



Өшіру/қосу батырмасы

Құрылғыны іске қосу немесе өшіру

Құрылғыны қосу үшін батырманы басыңыз.
Алғаш рет пайдаланған кезде құрылғы ауа мөлшерін автоматты сақтау режимінде жұмыс істейді, содан кейін жұмысты қайта жалғастырғаннан кейін, ол соңғы пайдаланылған режимде жұмыс істейді.

- Батырманы тағы бір рет басыңыз, құрылғы жұмысын тоқтатады.

Тазарту/ылғалдау



Тазарту/Ылғалдау батырмасы

Жұмыс режимін таңдау.

Батырманы әр басқан сайын көрсетілім кезектеп өзгеріп отырады.



(Көрсеткіш жанып тұр)

Автоматты ылғалдау режимі

- Құрылғы ластану дәрежесі мен ылғалдылыққа байланысты ауаны тазартуды және ұтымды ылғалдылықты автоматты сақтауды жүзеге асырады. Ауа ағыны мен ауа мөлшері автоматты бақыланады. (Олар қолмен басқару режиміне ауыса алмайды).
- Егер бакта су болмаса, құрылғы ауаны ылғалдауды жүзеге асыра алмайды.

Ауаны тазарту және ылғалдау режимі

- Егер бакта су болмаса, құрылғы ауаны ылғалдауды жүзеге асыра алмайды.

Ауаны тазарту режимі

- Бұл режимде судың қажеті жоқ.
- Егер бакта су қалса, шамалы ылғалдау жүзеге асырылады. (Бактағы су мөлшері шамалы азаяды). Егер ылғалдау қызметі қажетсіз болса, бак пен науадан суды төгіңіз.

Ауа мөлшері
(ауаны тазарту және ылғалдау, ауаны тазарту режимдері үшін ғана арналған)



Тазартуға және ылғалдауға арналған қажетті ауа мөлшерін таңдаңыз.

Батырманы әр басқан сайын көрсетілім кезектеп өзгеріп отырады.



Сезбекпен анықталған ауаның ластануы мен ылғалдылығына, сонымен қатар ауаны тазарту дәрежесі мен ылғалдылығына байланысты ұтымды ауа мөлшерін автоматты баптау.

Төмен жылдамдықта дыбыссыз жұмыс істеу, ауаны баяу тазарту немесе ылғалдау.

Орташа жылдамдықта ауаны тазарту немесе ылғалдау.

Ауаны жылдам тазарту немесе ылғалдау.

(Көрсеткіш жанып тұр)

Ауа ағыны
(ауаны тазарту мен ылғалдау, ауаны тазарту режимдері үшін ғана)



Ластаушы түріне байланысты ауа ағынын өзгерту.

Құрылғы алдыңғы панель мен желбезек арқылы әртүрлі ауа ағындарын тудырады, (21-бет)
Батырманы әр басқан сайын көрсетілім кезектеп өзгеріп отырады.



Ауаның ластанғанына байланысты шаң мен иістен автоматты тазарту.

Иіс пен темекі түтінінен тазарту.

Тозаң сияқты аллергияны тудыратын заттектерден тазарту.

(Көрсеткіш жанып тұр)

ECONAVI режимі



Қуатты үнемдеудің зерделі режимі.

«Econavi» – бұл қадағалау режимін үйрету режимімен үйлестіріп, ауа көлемін автоматты реттейтін қуат үнемдейтін жұмыс режимі, (22-бет)

■ (Егер ауаны тазарту немесе ауаны тазарту/ылғалдау режимі таңдалса, «Econavi» режимі сонымен бірге Скорость батырмасын басу арқылы қайтарылуы мүмкін).

(Көрсеткіш жанып тұр)

Ылғалдылықты белгілеу

(автоматты ылғалдау режимдері үшін ғана, ауа мөлшерін автоматты реттеу ауаны тазарту және ылғалдау режимінде таңдалады)



Ылғалдылықты белгілеңіз.

Батырманы әр басқан сайын көрсетілім кезектеп өзгеріп отырады.



Ескерту

- Қоршаған ортаның (ылғалдылық, температура немесе бөлме көлемі сияқтылардың) әсерінен, ылғалдылықтың белгіленген мәні толық қолжетімді бола алмайды, (23 бет — Q4, 26 бет — Q8)
- Егер судың толу көрсеткіші жанып тұрса, ылғалдылық мәнін белгілеу мүмкін болмайды. Тазарту/ылғалдау режимінде, егер «Econavi» режимі таңдалған, бірақ ауа мөлшерін автоматты реттеу таңдалмаған болса, ылғалдылық мәнін белгілеуге болады.

«Ауа ағыны» режимі



Желбезек күйін реттеу көмегімен ауа ағынының бағытын өзгертеді.

Батырманы әр басқан сайын көрсетілім кезектеп өзгеріп отырады.



- Режимді қайтару үшін Скорость немесе Тип загрязнения батырмаларын басыңыз. (Көрсеткіш сөнеді)

Ескерту

«Ауа ағыны» режимінде «Econavi» режимі таңдала алмайды.

Таймер



Келесі режимдерде жұмыс істейді: 2 сағат, 4 сағат немесе ұйқы режимінің таймері (8 сағат).

Батырманы әр басқан сайын көрсетілім кезектеп өзгеріп отырады.



2 сағаттық таймер
Құрылғы 2 сағаттан кейін жұмысын тоқтатады.

4 сағаттық таймер
Құрылғы 4 сағаттан кейін жұмысын тоқтатады.

Ұйқы режимінің таймері (8 сағат)
Алдыңғы панеліндегі көрсеткіштер мен ауа мөлшері көрсеткіштері өшірілген. Басқару панеліндегі жұмыс істеу көрсеткіші әлсіз жанып тұр. Құрылғы төмен жылдамдықпен жұмысын бастайды, ал содан соң жұмысын 8 сағаттан кейін тоқтатады.

Таймер режимін болдырмау

Балалардан бұғаттау



(3 секунд бойы ұзақ басу)



(Көрсеткіш жанып тұр)

Батырмаларды балалардың басуына жол бермеу үшін қызмет етеді.

Батырманы басыңыз және 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, балалардан бұғаттау режимі таңдалады.
Осы режимде батырмаларға басқан кезде олар жұмыс істемейді, осы кезде «Би-Би» дыбыстық сигналы естіледі.

■ Режимді қайтару үшін батырманы қайталап басыңыз және 3 секунд бойы басып тұрыңыз. (Көрсеткіш сөнеді)

Ескерту

Құрылғы жұмыс істеген уақытта алдыңғы панельді немесе желбезекті қолмен реттемеңіз.
(Осы жағдайда қозғалу бұрышы мен ауқымы өзгереді).
→ Егер қолмен реттеу орындалса, құрылғыны өшіріңіз.
(Қайталап іске қосқан кезде құрылғы өлшемін қалыпты күйге келтіруге болады).



КҮТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Ескерту

- Құрылғыны тазалар алдында қуат баусымы ашасының тоқтан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Техникалық қызмет көрсетуді орындау уақытында шешілген бөлшектерді қараусыз қалдырмаңыз. (Кері жағдайда оларға шалынып қалу немесе бүлдіріп алу мүмкін).
- Құрылғыны шешілген композитті HEPA сүзгісіз іске қоспаңыз. (Құрылғының ішкі бөліктеріне шаң тартылуы және оның істен шығуына әкеп соғуы мүмкін).
- Иіссіздендіргіш сүзгісі шығарып алынған құрылғыны онсыз іске қоспаңыз.
- Ылғалдағыш сүзгісі алынған құрылғыны іске қоспаңыз.
- Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгісі алынған құрылғыны онсыз іске қоспаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Науаны шешкеннен кейін суды төгіңіз, суды тікелей құрылғыдан төкпеңіз.

(Қысқа тұйықталу салдарынан ток соғу қаупі бар).

- Төменде көрсетілген жуғыш заттарды пайдаланбаңыз. (Оттектендірілген ағартқышты ылғалдауыш сүзгі үшін ғана пайдалануға болады).



- Химиялық заттармен өңделген матаны пайдаланған кезде, нұсқаулықтарды мұқият сақтаңыз.
- Алдыңғы панельді, сүзгіні және бакты орнату және бөлшектеу әдістері 10-11 беттерде сипатталған.

Тазарту әдісі



- Ылғалдауыш сүзгіде жуан және жіңішке білік болады. Оны науаға қайта орнатқан кезде абай болыңыз.
- Бакты шешіңіз, ал содан кейін науаны баяу шығарыңыз.



- Қапсырманы шешу үшін оны қысыңыз

Науа <Шамамен айына бір рет※1>

Сумен шайыңыз
(саңырауқұлақшаға қарсы сүзгіні шешкеннен кейін)

- Тампон көмегімен кірді сүртіңіз немесе оны тазарту үшін тіс қылшағын пайдаланыңыз.
- Қалтқыны шешпеңіз.
- Кетуі қиын дақтар болғанда, суға немесе асүйлерге арналған нейтралды жуғыш затқа матырылған жұмсақ матамен сүртіңіз.

Бак <күнделікті>

Сумен шайыңыз

Кетуі қиын дақтар болғанда, суға немесе асүйлерге арналған нейтралды жуғыш затқа матырылған жұмсақ матамен сүртіңіз.



※1 Егер жағымсыз иіс пайда болса немесе бактағы су баяу жұмсалса, ластану судың сапасына тәуелді болғандықтан, соңғы техникалық қызмет көрсету орындалғаннан кейін бір айдың ішінде техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін.

КҮТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Саңырауқұлақшаларға қарсы сүзгі <шамамен айына бір рет※1>

Оны асүйлерге арналған нейтралды жуғыш заттың ерітіндісіне матырыңыз және тазартыңыз.



- Оны асүйлерге арналған нейтралды жуғыш заты бар жылы суда 30 минут бойы жібітіңіз, содан кейін 2-3 рет таза сумен шайыңыз.
- Сүзгіні ашып бөлшектемеңіз, оны қылшақ көмегімен тазартыңыз.
- Сүзгіні орнату кезінде көлденең күйде ұстап, оны науаның ойыс бөлігіне салыңыз.

Ескерту

- Кейде саңырауқұлақшаға қарсы сүзгіде ұнтақ болуы мүмкін.Бұл оның жұмысқа қабілеттігіне әсер етпейді.
- Саңырауқұлақшаға қарсы реагенттің мөлшері пайдалану барысында азаяды.Бұл саңырауқұлақшаға қарсы сүзгінің жұмысына әсер етпейді.
- Саңырауқұлақшаға қарсы реагенттің өзінің ерекше иісі болады, бірақ адамдар үшін зиянсыз болып табылады.
- Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгінің міндеті саңырауқұлақшаға қарсы реагент көмегімен зең бактерияларының көбеюін басу болып табылады. Сынақ жүргізуші ұйым: «Boken Quality Evaluation Institute»
  Сынау әдісі: Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгіні науаға орнату және зең бактерияларының көбеюіне жол бермеуді тексеру («Halo» әдісі)
  Сынақ нәтижесі: Зең бактерияларының көбеюіне жол бермеу тиімділігі расталған. (Сынақ нөмірі: 09006504-1)

Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгі <шамамен айына бір рет※1>

1 Бөлшектеу

Сүзгі қаңқасының 6 бекіткіш ілмегін шешіңіз.



2 Жуғыш

■ **Ылғалдауыш сүзгісін**
Қысыңыз және оны таза жылы сумен шайыңыз (40 °C төмен).

- Қылшақпен ысқыламаңыз және кір жуғыш машинасында жумаңыз.
- Оны кептіргіште құрғатпаңыз. (Кері жағдайда рл бүрісіп қалуы мүмкін)
- Егер дақтар қиын кетірілетін болып табылса, сүзгіні асханаларға арналған нейтралды жуғыш заты бар жылы суға немесе лимон қышқылының ерітіндісіне шамамен 30 минутқа батырыңыз және оны тазартыңыз, ал содан кейін 2-3 рет таза сумен шайыңыз.

■ **Сүзгі қаңқасын және оның қақпағын жуыңыз.**



Ескерту

- Бейтарап жуғыш зат немесе лимон қышқылының ерітіндісі пайдаланып жатқанына көз жеткізіңіз. Сілтілі жуғыш зат пайдаланылған кезде деформацияланы немесе жұмыс сапасы нашарлауы мүмкін.
- Лимон қышқылы мен судың ара қатынасы 3 л : 20 г құрайды.

3 Құрастыру

① Ылғалдауыш сүзгіні сүзгі қаңқасына орнатыңыз. (Сүзгі жақтарының арасында айырмашылық жоқ)

- Ылғалдауыш сүзгінің сүзгі қаңқасынан шығып тұрмауын қадағалаңыз және оны мыжбаңыз. (Оның салдарына ылғалдың құрамы азаюы мүмкін).

② Сүзгі қақпағын сүзгі қаңқасымен сәйкестеп, 6 ілмекке орнатыңыз. (Үш бұрышты шығыңқы бөліктері оларға арналған ойықтарға сәйкес келеді.)



※1 Егер жағымсыз иіс пайда болса немесе бактағы су баяу жұмсалса, ластану судың сапасына тәуелді болғандықтан, соңғы техникалық қызмет көрсету орындалғаннан кейін бір айдың ішінде техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін.

КҮТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Алдын-ала тазарту сүзгісі <шамамен айына бір рет>

Сумен шайыңыз

Кетуі қиын дақтар болғанда, суға немесе асүйлерге арналған нейтралды жуғыш затқа матырылған жұмсақ матамен сүртіңіз.



Иіссіздендіру сүзгісі

Қызмет көрсетуді талап етпейді

- Егер иіссіздендіру сүзгісінің жан-жағында шаң жиналып қалса, оны шаңсорғыш және т.б. көмегімен жойыңыз.
- Ешқашан сүзгіні сумен шаймаңыз.

Композитті HEPA сүзгі <шамамен 2 аптада бір рет>

Қара (алдыңғы) жағын шаңсорғыш және т.б. көмегімен тазартыңыз.

- Бұл сүзгі беріктігі төмен болғандықтан, оған тым үлкен күш жұмсамаңыз.
- Ақ (артқы жағы) қызмет көрсетуді қажет етпейді.
- Сүзгіні сумен шаймаңыз.



Корпусы мен алдыңғы панель <шамамен айына бір рет>

Шаң мен кірді жақсылап сығылған жұмсақ матаның көмегімен сүртіңіз

- Сүзгіні қатты матамен сүртпеңіз және үлкен күш салмаңыз.
  Осы кезде сыртқы беті бүлінуі мүмкін.
- Баусым ашасын құрғақ матамен сүртіңіз.

Ластану сезбегі <шамамен 3 айда бір рет>

Линзадағы кірді құрғақ мақталы таяқшамен сүртіңіз

① Ластану сезбегінің сыртқы қақпағын шешіңіз.
② Төменде көрсетілгендей, линзаны құрғақ мақталы таяқшамен сүртіңіз.



- Линзаны мезгілімен сүртіп тұрыңыз. (Ылғалмен немесе темекі түтінімен ластанған кезде сезбек қате жұмыс істеуі мүмкін).
- Мақталы таяқшаларды линзадан басқа бөліктерге тигізбеңіз.
- Тазартуды жүргізу алдында, қуат баусымы ашасы ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Линзаны тексеріп қарау үшін қол шамын пайдалануға болады.

КҮТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Сүзгіні ауыстыру

(Қосымша жабдықтар: артқы қақпақ)

	Композитті HEPA сүзгісі	Иіссіздендіру сүзгісі	Ылғалдағыш сүзгі
Ауыстыру арасындағы кезең	Егер сүзгіні ауыстыру көрсеткіші жанып тұрса. (Шамамен 10 жылда бір рет)※1		Шамамен 10 жылда бір рет※2
Шарттары	Егер құрылғы күнделікті 6 темекінің түтінін сіңірсе. (Japan Electrical Manufacturers'Association JEM1467)		8 сағат бойы күнделікті жұмысын есепке ала отырып (өндірушімен жүргізілетін сынақтарға сай)

※1 Сүзгіні ауыстыру мерзімділігі қоршаған ортаға байланысты қысқарақ болуы мүмкін (мысалы, жиі шылым шеккенде). Тиімділігін жоғалтқан кезде оны ауыстырыңыз.

※2 Ылғалдауыш сүзгінің қызмет ету мерзімі судың сапасына тәуелді болуы мүмкін. Келесі жағдайлардың бірінде оны бірден ауыстырыңыз.
- Сүзгіге қызмет көрсеткеннен кейін, оның иісі сақталып қалса.
- Бактағы судың мөлшері азаймаса.
- Сүзгі қатты бүлінсе.

① Ауыстырған соң (ылғалдауыш сүзгіні қоспағанда) [🔒] және [Таймер] батырмаларын бірдей басып, сүзгіні ауыстыру көрсеткіші сөнгенше, басулы күйінде 3 секундтай ұстап тұрыңыз, содан соң босату жүзеге асады.

② Жаңа орнатылатын сүзгілердің жапсырмасына уақытын жазыңыз, ал содан кейін ескі уақытты жабу үшін, ескі жапсырманың үстіне жабыстырыңыз (10-бет).

Ескерту

■ Пайдаланылған сүзгіні тұтанбайтын қалдық ретінде кәдеге жаратыңыз.

■ Ылғалдайтын сүзгіні ауыстырған кезде сүзгі қаңқасын және оның қақпағын тастамаңыз.

Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы күту режимінде тұрған болса

1. Қуат баусымы ашасын рәзеткіден суырыңыз. (Құрылғы тыныштық күйінде де электр қуатын тұтынуды жалғастырып тұрады).
2. Бак пен науаны босатыңыз және құрылғыға қызмет көрсетіңіз.
3. Құрылғының ішкі бөлігін толық құрғатыңыз. (Әйтпесе құрылғы тоттану салдарынан істен шығуы мүмкін) Ылғалдауыш сүзгіні салқын жерде құрғатыңыз. (Саңырауқұлақшаға қарсы)
4. Құрылғыны полиэтилен қаппен бүркеп жабыңыз және оны құрғақ жерге орналастырыңыз. (Егер құрылғы төңкерулі немесе көлденең күйінде сақталса, бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін).

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

«nanoe®» технологиясы туралы

■ «nanoe®» режимі өшірілуі мүмкін Жұмыс істеу уақытында оны сөндіру үшін Econavi және батырмаларын бірден шамамен 3 секунд бойы басып ұстаңыз.
(«nanoe®» көрсеткіші сөнеді)
«nanoe®» режимін қайтадан іске қосу үшін, осы операцияны тағы бір рет орындаңыз.

■ «nanoe®» микробөлшектерін өндіру шарттары
«nanoe®» микробөлшектері бөлме ауасын қолдану арқылы өндіріледі, тиісінше, температура мен ылғалдылыққа тәуелді, сондықтан оларды өндіру тұрақты болмауы мүмкін.
- Үй-жайдағы температура: шамамен 5 °C-35 °C (шық түзілу температурасы: 2 °C және жоғары)
- Салыстырмалы ылғалдылық: шамамен 30 %-85 %

■ «nanoe®» микробөлшектерін өндіру кезінде озонның біршама мөлшері бөлінуі мүмкін. Алайда, оның мөлшері табиғи жағдайлардағыдан, мысалы, ормандағыдан анағұрлым төмен, және адамдар үшін қауіпсіз болады.

Композитті HEPA сүзгісі туралы

Био зарарсыздандыру және «Super Allergy-buster» қызметтері бар композитті HEPA сүзгі аллергендерді (тозаңдарды, өлі кенелерді және қалдықтарын), бактериялар мен зеңді жоя алады.

■ «Super Allergy-buster» қызметі: аллергендердің (тозаңның, өлі кенелердің және қалдықтарының) белсенділігін басады.
Сынақ жүргізуші ұйым: «Osaka Municipal Technical Research Institute»
Сынақ әдісі: иммунды-ферментті өлшеуді пайдаланып кенелер мен тұрмыстық шаңның аллергендерінің азаюын тексеру.
Басу әдісі: «Super Allergy-buster» сүзгісімен жанасу
Нысана: сүзгімен аллергендерді (кенелерді, тозаңды) аулау
Сынақ нәтижесі: аллергендердің 99% жойылды. (Daikou №. 2127 зерттеу есептемесі)

■ Композитті HEPA сүзгі жасыл шай катехиндерінің, био зарасыздандыру сүзгісінің және «Super Allergy-buster» сүзгісінің айрықша және зиянсыз иісін тудыруы мүмкін.

Иіс/ластану сезбегі туралы

Сезбек ауаның ластануын анықтап, оның дәрежесін тазалық көрсеткіші көмегімен көрсете алады. Құрылғы ластану дәрежесіне байланысты ауа мөлшерін реттеп, «Толық Авто», «Авторежим», «Автотазарту» режимдерін таңдаған кезде ауаның ұтымды мөлшерін пайдаланып оны тазартуды орындай алады.

Сезбек	Сезгіштік ауқымы	Анықтай алады
Иіс сезбегі	• Темекі, хош иісті заттар, тамақ әзірлеу, үй жануарлары иісі • Косметика, алкоголь, аэрозоль және т.б.	• Ылғал (су буы), майлардың буы • Есіктерді ашып-жапқан кездегі ауа ағыны, сонымен қатар температураның күрт өзгеруі
Ластану сезбегі	• Тұрмыстық шаң (шаң, кенелердің өлі денелері мен қалдықтары, зең өскіндері, тозаң және т.б.) • Түтін (шылым, хош иісті заттар және т. б.)	• Майлар булары мен су буланулары

■ Егер бөлмеде құрылғының қасында жылытқыш орналасса, сезбек жұмысы үй-жайдағы ауа ағынына қарай өзгеруі мүмкін.

■ Сезбек бактериялар мен вирустарды анықтауға арналмаған.

■ Сезбек сезгіштігі баптала алады. (Зауыттық баптаулар орташа сезгіштікке сай келеді).

① Құрылғыны өшіріңіз, содан кейін Скорость және Econavi батырмаларын бір уақытта шамамен 3 секундқа басыңыз. (Ауа мөлшерінің көрсеткіштері кезектеп жана бастайды).



② Тиісті сезгіштік таңдалған кезде, батырмаларды жіберіңіз.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Ауа ағыны

Желбезек пен алдыңғы панель ластанудың түрі мен дәрежесіне байланысты қалыпты күйге келтіріледі, содан кейін құрылғы жұмыс істей бастайды.

Автотазарту режимі

Ластануды жоюдың жоғары тиімділігіне жету үшін, құрылғы ауаның ластану түріне сай, ауа ағыны қызметін бөлек пайдаланады.

■ Ауаның ластануы, желбезек және алдыңғы панель қызметтері

Ластанған ауа	Тазарту көрсеткіші		Желбезек қызметтері	Алдыңғы панель қызметтері	Сурет
Таза ауа	Көк	▶	Бағытты ауыстыру	Жабық	Ⓐ
Иіс және түтін анықталды	Қызыл	▶	Жоғары	Алға қарай ашық	Ⓑ
Тұрмыстық шаң анықталды	Қызыл	▶	Алға	Жоғары қарай ашық	Ⓒ
Иістер тұрмыстық шаң анықталды	Қызыл	▶	Бағытты ауыстыру	Жоғары қарай ашық	Ⓓ

Қолмен басқару

Иіс және түтін

Алдыңғы панель тұтқасымен ауадағы иіс пен түтінді сіңіреді. Шылым шегілген немесе тамақ әзірленген кезде иіс пен түтін бірге жойылады. (Сурет Ⓑ)

Тұрмыстық шаң

Алдыңғы панельдің төменгі бөлігі еденде жиналатын шаңды, сонымен қатар тозаңды сіңіреді. Гүлдеу маусымында, әсіресе тұрмыстық шаң болған кезде. (Сурет Ⓒ)



Ескерту

■ Егер «Жоғары» ауа мөлшері таңдалса, құрылғы алдыңғы ашық панельмен жұмыс істейді.
■ Құрылғы 10 минут жұмыс істегеннен кейін, ашық алдыңғы панельмен жұмыс істейді.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Ұйқы режимінде автоматты жұмыс істеу

Үй-жайдағы жарықтануды жарық сезбегінің көмегімен анықтап, басқару панеліндегі және алдыңғы көрсетілімдер панеліндегі көрсеткіштердің жарықтығын, сонымен қатар ауа мөлшерін автоматты реттейді. Ұйқыға жатқан кезде бөлмеде қараңғы болғанда, көрсеткіштер әлсіз жанады немесе сөнеді, ал ауа мөлшері азаяды.

■ «Ұйқы режимінде автоматты жұмыс істеу» функциясын баптауға болады.
(«Ұйқы режимінде автоматты жұмыс істеу 1» зауыттық баптау болып табылады).

① Құрылғыны өшіріңіз, содан кейін Таймер және Econavi батырмаларын бір уақытта шамамен 3 секундқа басыңыз.
(Ауа ағынының көрсеткіштері кезектеп жана бастайды).



② Тиісті сезгіштік таңдалған кезде, батырмаларды жіберіңіз.

Ескерту

Егер ауа мөлшері «Жоғ.», «Орт.» немесе «Төм.» етіп таңдалса, онда ол автоматты реттеле алмайды.

Режим	Көрсеткіштер	Үй-жайдағы жарықтығы	
		Ымырт	Қараңғылық
Автоматты	басқару панелі	Өзгермейді	Жанудың төмен деңгейі
ұйқы режимінде жұмыс істеу 1	көрсетілімнің алдыңғы панелі	Жанудың төмен деңгейі	Өшірулі
Автоматты	басқару панелі	Өзгермейді	Жанудың төмен деңгейі
ұйқы режимінде жұмыс істеу 2	көрсетілімнің алдыңғы панелі	Жанудың төмен деңгейі	Жанудың төмен деңгейі
Онсыз	басқару панелі	Өзгермейді	Өзгермейді
ұйқы режимінде автоматты жұмыс істеу	көрсетілімнің алдыңғы панелі	Өзгермейді	Өзгермейді

ECONAVI режимі

Econavi режимі автоматты жұмыс режиміне қатысты болады, ол, құрылғы сағат сайын ауаның ластануын анықтайтын бақылау режимі мен ластанудың түзілуінің күнделікті уақыты негізінде, ластанудың түзілуін болжай алатын үйрену режимін біріктіреді. Таза ауаны анықтаған кезде автоматты жұмысын тоқтатады, сонымен қатар ластануды анағұрлым тиімді жою үшін алдын ала жұмыс істей отырып, сол арқылы жұмыс уақытын азайтады және электр қуатын үнемдейді.

Бақылау режимі

Ауаны тазартуды аяқтаған соң құрылғы автоматты жұмысын тоқтатады. Жұмысты 55 минутқа тоқтатқан соң, құрылғы «Орт.» ауа мөлшерін таңдаған кезде бақылау режимінде 5 минут бойы жұмыс істейді.



- Егер бақылау режимінде жұмыс тоқтатыла тұрса, онда ластану табылған кезде құрылғы ластануға сай ауа мөлшерімен жұмыс істейді.
- Егер «Тол. Авто» немесе «Тазарту/Ылғал.» режимдері таңдалған болса, құрылғы үй-жайдағы ауа таза болғанның өзінде, үй-жайдағы ылғалдылыққа сай жұмыс істейді.

Үйрету режимі

Құрылғы жұмыс істеу уақытындағы ауаның ластану уақыты мен деңгейін жадына жазады және тіркелген ластанудың пайда болуына дейін 5 минут бұрын алдын жұмысын бастайды.

(Жазбалар күнделікті жаңартылуына қарамастан, қуат баусымы ашасын суырғанда жазбалар жойылады).

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Мәселені әрі қарай іздеу немесе құрылғыны жөндеуге жіберу алдында, келесіні анықтауды өтінеміз.

Q1 **Неліктен ылғалдау уақытында ауа ағыны салқын?**

A Ылғалдау немесе автоматты ылғалдау режимінде жұмыс істеу кезінде құрылғы температурасы бөлмедегі температурадан төмен ауа ағынын тудырады, себебі құрамында суы бар ылғалдайтын сүзгіден шығатын ылғал, ауадағы жылуды өзіне сіңіреді.

Q2 **Неліктен ылғалдау уақытында бу шықпайды?**

A Берілген құрылғы суы бар ылғалдайтын сүзгіні өзіне енгізеді, ол өзіне ауа ағынын жанастырып ылғал өндіреді, ал суды қайнатпайды, сондықтан бу түзілмейді.

Q3 **Неліктен ылғалдау дәрежесі азаяды?**

A Жоғары ылғалды жаңбырлар маусымында немесе салқын ауа райында ылғалдау дәрежесі үй-жайдағы температура мен ылғалдылыққа байланысты жуылған кірді құрғату қиын кезде өзгеруі мүмкін. Ауа райы құрғақ және жылы болғанда, ылғалдау дәрежесі артады.

Q4 **Неліктен ылғалдылық көрсеткіші қызыл болып жанып тұрады?**

A

■ **85 көрсеткіші үнемі қосулы.**

Құрылғы орнатылған жеріне байланысты ылғалдылықты қате өлшеуі мүмкін.
→Орнату орнын ауыстырыңыз, (7 бет)



(ылғалдылық көрсеткіші)

Ескерту

- Ылғалдылық көрсеткішін анықтама үшін ғана пайдаланыңыз.
- Оның көрсеткіштерінің кейде үй гигрометрі көрсеткіштерінен айырмашылығы болуы мүмкін.
- Ылғалдылық мәндері температураға байланысты өгеріп отырады.
- Ылғалдылық сонымен қатар ауа ағыны күйіне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Q5 **Шығыс саңылаудан ызылдаған дыбыс естіледі.**

A Құрылғы «nanoe®» режимінде жұмыс істеген кезде, осы әлсіз дыбыс естіледі. Қоршаған ортаға және жұмыс режиміне байланысты, дыбыс зор немесе сәл естілетін болуы мүмкін, бұл қалыпты құбылыс.

Q6 **Неліктен ылғалдауыш сүзгі түсін өзгертеді?**

A Сүзгі судың сапасына байланысты түсін өзгертуі мүмкін. Бұл құрылғының жұмысының ақауы болып табылмайды.

Q7 **Неліктен қабырғаларда шық пайда болады?**

A Бөлмеде қоңыржай ылғалдылық болғанның өзінде, салқын терезелер мен қабырғаларда шық пайда болуы мүмкін.

Q8 **Неліктен тазалық көрсеткіші өзгермейді, ал алдыңғы панель үнемі ашық?**

A Мұндай мәселелер сезбектің сезгіштігі жоғары/төмен болғанда туындауы мүмкін. Сезбектің сезгіштігін баптауға болады.

Q9 **Алдыңғы көрсетілімдер панеліндегі көрсеткіштерді өшіру.**

A

■ Көрсеткіштерді өшіру үшін, жұмыс істеу уақытында шамамен 3 секундқа Скорость және Очистка увлаж. батырмаларын бір уақытта басыңыз.

■ Көрсеткіштерді іске қосу үшін, осы батырмаларды қайтадан 3 секундқа басыңыз.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Q10 Адам белсенділігі сенсорын өшіру, (Сенсор сезгіштігін өзгерту)

A

Сенсор сезгіштігін баптауға болады. (Зауыттық баптау ретінде стандартты сезгіштік болып табылады.)

① Құрылғыны өшіріңіз, содан кейін Скорость Тип загрязнения және батырмаларын бір уақытта шамамен 3 секундқа басыңыз. (Тазарту/ылғалдау көрсеткіштері кезектеп іске қосыла бастайды).



② Қажетті сезгіштік көрсетілген кезде батырманы жіберіңіз.

Q11 Неліктен адам белсенділігі көрсеткіші қозғалып жүрген адамдар немесе үй жануарлары болмаған кезде үнемі іске қосылып тұрады?

A

Айналу және үй-жайды жылыту қызметі бар электрлік бөлме жылытқышын пайдаланған кезде сезбек қандай да бір қозғалыстарды анықтамастан автоматты түрде іске қосылуы мүмкін.

Q12 Неліктен адам белсенділігі көрсеткіші өшірулі?

A

- Қуатты іске қосқаннан кейін адам белсенділігі сезбегі 2 минут бойы жұмыс істемейді.
- Адам белсенділігі сезбегі табу аумағының шектерінен тыс іске қосылмайды немесе жиһаз көлегейлеп қалған.
- Егер адам денесінің температурасы қоршаған орта температурасына тең болса, адам белсенділігі сезбегі жұмыс істемеуі мүмкін.
- Адам белсенділігі сезбегі ластанған.
  → Оны тазарту үшін құрғақ мақта таяқшасын пайдаланыңыз.



Q13 Жұмыс істеген кезде алдыңғы көрсетілім панеліндегі көрсеткіштер сөніп тұр.

A

- Бөлмедегі жарық дәрежесі анықталып, көрсеткіштердің жануы «Ұйқы режимінде автоматты жұмыс істеу» функциясы арқылы автоматты өшіріледі, (22-бет)

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Мәселе туындаған кезде, кестенің келесі тармақтарына жүгініп, оларды шешуге тырысыңыз. Егер мәселе шешімін таппаса, қуат баусымы ашасын рәзеткіден суырыңыз және жөндеу жұмыстары үшін дилерге хабарласыңыз.

Ықтимал жағдайлар	Келесіні анықтауды сұраймыз
① Жұмыс жалғасып жатқан кезде де тазалық көрсеткіш қызыл түспен жануды жалғастырады.	■ Құрылғы жуыну бөлмесіндегі будың немесе бүріккіштермен шашыратылатын булардың әсеріне ұшыраған кезде, көрсеткіш қызыл түспен жануы мүмкін. ■ Құмның түсуі ■ Ластану сезбегі ластанған ба? (18-бет)
② Автоматты режимдегі жұмыс тоқтатыла алмайды	■ Ауаны тазарту және мөлшерді автоматты реттеу режиміндерінде, үй-жайдағы ауа таза болғанның өзінде, құрылғы ауаның аз мөлшерімен жұмыс істейді. ■ Егер «Толық Авто» немесе «Тазарту/Ылғал. ауа мөлшерін автоматты реттеу» режимдері таңдалған болса, үй-жайдағы ауа таза болғанның өзінде, құрылғы бөлмедегі ылғалдылыққа сәйкес жұмыс істейді.
③ Ауа ластанғанның өзінде, тазалық көрсеткіші көк түсте қалады.	■ Құрылғы ауаны тазарту қиындық тудыратын жерде орналасқан ба? (17 бет) ■ Ластану сезбегі ластанған ба? (18-бет)
④ Ластанған ауаны жою қиын	■ Композитті HEPA сүзгі ластанған ба? (18 бет) → Оны тазартыңыз. Егер жағдай сақталса, сүзгіні ауыстырыңыз.
⑤ Дыбыс естіледі.	■ Ылғалдауыш сүзгі жұмыс істегенде су тамшылары тамуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс. ■ Су тамшылары бактан аққанда және тамғанда, олардың дыбысы естіледі. Бұл қалыпты құбылыс. ■ Выкл/Вкл, Тип загрязнения немесе Поток воздуха батырмаларын басқаннан кейін желбезектің маңында дыбыс естілуі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс. ■ Ылғалдайтын сүзгі қаңқасының 6 жерінде бекіткіш ілмектер орнатылған ба? (17-бет)
⑥ Ауаның аз мөлшері	■ Композитті сүзгі ластанған ба? (17-18 бет) → Оны тазартыңыз. Егер жағдай сақталса, сүзгіні ауыстырыңыз.
⑦ Құрылғыдан жағымсыз иіс шығады	■ Корпусы, алдыңғы панелі немесе композитті HEPA сүзгі ластанған ба? (18 бет) → Оны тазартыңыз. Егер жағдай сақталса, сүзгіні жаңасымен ауыстырыңыз. (темекі шеккенде, пайда болатын зиянды көміртек тотығы, жойыла алмайды) ■ Құрылғы қатты иісі бар үй-жайда пайдаланылды ма? Егер ол темекі шегілген немесе ет қуырылып жатқан үй-жайда пайдаланылса, сүзгіні ауыстыру кезеңділігі қысқаруы мүмкін. → Егер құрылғы осындай қоршаған ортада пайдаланылса, біз үй-жайдың желдету жүйесін ашуды ұсынамыз. ■ Бак немесе ылғалдайтын сүзгі ластанған ба? (16-17 бет) ■ Бактағы су құбырдың таза суымен күнделікті ауыстырыла ма? (11-бет) ■ Ауаны тазарту режимінде бактан және науадан суды төгіңіз.

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ықтимал жағдайлар	Келесіні анықтауды сұраймыз
⑧ Бактағы су мөлшері азаймайды, құрылғы ылғалдауды жүзеге асырмайды, бірақ жұмыс көрсеткіші жанып тұр.	■ Ылғалдайтын сүзгі ластанған ба? (17 бет) ■ Құрылғының ішіне науа салынған ба? ■ Ылғалдайтын сүзгі дұрыс орнатылған ба? (17 бет) → Егер ылғалдауыш сүзгі қате орнатылған болса, құрылғыдан оғаш дыбыс естіледі және ылғалдау жүзеге асырылмайды. ■ Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгі дұрыс орнатылған ба? (17 бет) ■ Белгіленген ылғалдылыққа жеткенде, құрылғы ылғалдауды тоқтатады. (Егер үй-жайдағы ауа таза болса, желбезек жабылады және құрылғы күту режиміне өтеді).
⑨ Ылғалдылық ұлғаймайды	■ Бөлме желдетіле ме немесе еденде кілем жатыр ма? → Егер еденде кілем жатса, кейде ылғалдылық әрең ұлғаюы мүмкін, бұл нақты желдетуге, еден мен қабырғалардың материалына байланысты болады. ■ Үй-жайдың аумағы осы құрылғы үшін тым үлкен бе? (артқы қақпақ)
⑩ Науа ішінде шық пайда болады	■ Құрылғының жұмысы аяқталғаннан кейін немесе егер бөлмеде салқын болса, шық пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс.
⑪ Суды толтыру көрсеткіші жыпылықтап немесе үздіксіз жанып тұр 	■ Бакқа су толтырылған ба? (9 бет) → Егер ылғалдау қажет болса, бакқа су толтырыңыз. (11 бет)
⑫ Дегенмен егер бакта болса да, суды толтыру көрсеткіші жанып-сөнуді немесе үздіксіз жануды жалғастырып тұр	■ Құрылғының ішіне науа салынған ба? ■ Құрылғы еңкейтілген бе? → Құрылғыны түзу және тұрақты үстелге немесе еденге орнатыңыз.
⑬ Тексеру көрсеткіші жанып тұр 	■ Құрылғы төңкерілді ме? → ① Қуат баусымы ашасын рәзеткіден суырыңыз. ② Құрылғыны көтеріңіз. (Алдымен суды сүртіп алыңыз) ③ Құрылғыны жарты күн бойы пайдаланбаңыз. (Бұл құрылғының ішіне су тиген жағдайда оны мұқият құрғату үшін қажет) ④ Құрылғыны қайтадан іске қосыңыз, ол жұмыс істейді. ■ Құрылғы сілкуге, еңкейтуге немесе соққыларға ұшыраған ба? → Қуат баусымы ашасын рәзеткіден суырыңыз, ал содан кейін оны қайталап қосыңыз. ■ Құрылғыға магнит немесе металл заттар салынған ба? (7 бет) --> Заттарды шығарыңыз және қуат баусымы ашасын рәзеткіден суырыңыз, ал содан кейін оны қайтадан орнатыңыз.

Егер келесі жағдайлардың бірі орын алса, жөндеуді орындау үшін дереу дилерге хабарласыңыз.

Көмескі жарық көрсеткіші іске қосылған, ал ауа мөлшерінің барлық көрсеткіштері жыпылықтап тұрса	■ Құрылғы ақаулы болуы мүмкін. → Қуат баусымы ашасын рәзеткіден суырыңыз және жөндеуді орындау үшін дилерге хабарласыңыз.

ЖЕЛБЕЗЕКТІ АУЫСТЫРУ

Желбезек орнату

1 Желбезектің (артқы) шығыңқы бөлігін шаршы саңылауға орнатыңыз.



2 Желбезекті ортасынан сәл майыстырыңыз және қарама-қарсы жаққа басқа саңылауға орнатыңыз.



3 Желбезектерді (алдыңғы) сол әдіспен салыңыз.

Ескерту

Желбезекті орнатқанда (алдыңғысы мен артқысын) шатастырып алмаңыз.

СИПАТТІЗІМІ

Үлгі нөмірі	F-VXK90R					
Кернеуі	220В~ 50Гц					
Жұмыс режимі	Ауаны тазарту			Ауаны тазарту/ылғалдау		
Ауа мөлшерін баптау	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Тұтынатын қуаты (Вт) ※1	88	12,5	6,8	63	18	11,8
Ылғалдау жылдамдығы (мл/сағ) ※2	–※3	–※3	–※3	830	450	300
Ауа көлемі ($м^3$/мин)	8,7	3,1	1,1	7,4	3,6	1,8
Қамтылатын аумақ ($м^2$)	66※4			38※5		
Бак сыйымдылығы	4,2(л)					
Қуат баусымының ұзындығы	2,0(м)					
Құрылғы өлшемдері	398(мм) x [275(мм)+(аяқша: 22(мм)] x 636(мм)(ЕхТхБ)					
Құрылғы салмағы	11,5(кг)					

※1 «Өшірулі» режиміндегі тұтынылатын қуат шамамен 0,45 Вт құрайды.
(Қуат баусымының ашасы жалғанып қосылған.)

※2 Жоғарыда орналастырылған кестедегі жоғары жылдамдықпен, панажайдағы 20 °C температура және 30 % ылғалдылық кезіндегі ылғалдау дәрежесі. Ылғалдау дәрежесі үй-жайдағы температураға және ылғалдылыққа тәуелді өзгеруі мүмкін, (23 бет — Q3)

※3 Егер бакта су болса, ылғалдату үшін құрылғы оның шамалы мөлшерін тұтынады.
(Бактағы су баяу шығындалады)

※4 Қамтылатын аумақ JEM1467 стандарты негізінде жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуді есепке алып есептеледі.
(Электржабдықтарының жапондық өндірушілері қауымдастығы) Ж5 Қамтылатын аумақ JEM1426 стандарты негізінде жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуді есепке алып есептеледі.
(Электр жабдықтарының жапондық өндірушілері қауымдастығы)

※5 Қамтылатын аумақ JEM1426 стандарты негізінде жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуді есепке алып есептеледі.

Ескерту: Берілген құрылғы темекі түтініндегі көміртек тотығы сияқты, денсаулық үшін зиянды заттектерді жоюға арналмаған.

ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТАР

■ Алдын ала тазарту сүзгісі

Қосалқы алдын-ала тазарту сүзгісі қорапта орналасады



Үлгі №.
F-ZXKA90Z

■ Ауыстырмалы композитті HEPA сүзгісі



Үлгі №.
F-ZXKP90Z

■ Ауыспалы иіс кетіргіш сүзгі



Үлгі №.
F-ZXFD70Z

■ Ауыстырмалы ылғалдауыш сүзгі

Сүзгінің қаңқасынсыз және қақпағынсыз



Үлгі №.
F-ZXKE90Z

Дилерге қоңырау шалыңыз

- Тексеру көрсеткіші іске қосылған, ал ауа мөлшерінің барлық көрсеткіштері жыпылықтап тұр. Құрылғы ақаулы болуы мүмкін. Қуат баусымы ашасын рәзеткіден суырыңыз және жөндеуді орындау үшін дилерге хабарласыңыз.

Жасалу уақытын Сіз құрылғының артқы бөлігінде орналасқан нөмірі бойынша біле аласыз.

XX XX XX

5- және 6-: Күні

3- және 4-: Айы (цифрлық мәнде)
01 - Қаңтар, 02 - Ақпан, ... 12 - Желтоқсан

1- және 2-: Жыл (соңғы саны жыл нөмірі)
09-2009, 10-2010, 11-2011

Бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң түрде сай қолданылған жағдайда өндіруші осы бұйым үшін белгілеген қызмет ету мерзімі жасалған күннен бастап 7 жылға тең.

Panasonic акпараттық орталығы

Алматы қаласынан қоңырау шалу үшін:

+7 (727) 330-88-07

Қазақстан аумағында жергілікті ұялы байланыс пен қалалық операторларынан тегін қоңырау шалу: 8-800-0-809-809

Панасоник Корпорэйшн

Веб-сайты: http://www.panasonic.com

© Панасоник Корпорэйшн 2016

P0616-0 VXK9R8950 C